

Қазіргі таңда елімізде Мемлекет басшысының “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласы кенінен талқыланды. Еліміздің идеологиялық жұмыстарын қамтыған мақала қазақстандықтардың көңілінен шықты. [cialis cheap no prescription](#) [cialis buy london](#) [dreampharmaceuticals cialis online](#) [cheap cialis without prescription](#) [buy cialis now](#) [cialis online holland](#)
argaiv1428

Достық үйінде жиналған Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының өкілдері түрлі сала мамандарының басын қосып, ұлттың рухын көтеретін маңызды құжаттың мәнін түсіндірді.

– Бүгінгі таңда қоғамдық сананы жаңғырту мәселесі зор маңызға ие. Өлемдік экономикалық дағдарыс кезінде, саяси қауіптер үдеген шақта идеологиялық санамызды өзгертіп, алға қадам басуымыз үшін өзгеруіміз қажет, – деді Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Наиль Салимов.

Ал “Қоғамдық келісім” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сарапшысы Сәлімхан Сәбитов жас буын өкілі ретінде өз пікірін білдірді. Оның айтуынша, Елбасының ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы тоқталуы халықтың ел болып заман ағымына икемделу арқылы жана дәуірге қадам басуға жетелейді. “Қазіргі дамып келе жатқан қоғамның өмір сүру қағидасының жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Елбасымыз бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті. Біз бұл мәселелерге неғұрлым дәйектіліктің қажеттігін терең түсініп, орындалуын міндетті санамыз”, – деді ол.

“Донғелек үстел” басына жиналғандар елдің дамуын, қоғамның жетілуін қоздейтін осындай маңызды құжаттарды жүзеге асыруда белсенділік таныту қажет деген пікірлерін ортаға салды.

Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,

“Солтүстік Қазақстан”.